

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	
Мемлекеттік органның атауы Наименование государственного органа "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Ақтөбе облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Ырғыз аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі Республиканское государственное учреждение "Иргизское районное Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Актюбинской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"	

**Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение**

№ KZ41VWF00236585

Дата: 24.10.2024 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)

"Айгөлек" бөбекжай-бақшасы КМКК

(2020 жылғы 07 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің толық атауы) (полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 07 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

Жүргізілді (Проведена) **Заявление от 21.10.2024 11:59:08 № KZ17RYS00826699**

өтініш, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күні, нөмірі)
по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата, номер)

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик) (заявитель) «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ырғыз ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ, ЫРҒЫЗ АУДАНЫ, АМАНКӨЛ А.О., ҚҮТІКӨЛ А., Әмірхан Барысбаев көшесі үй 1

Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы (тиселігі), объектінің мекен жайы/орналасқан орны, телефоны, басшысының тегі, аты, әкесінің аты
(полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сарапта у жүргізілетін объектінің қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

Мектепке дейінгі тәрбиелеу

сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекенжайы (сфера, вид деятельности, месторасположение, адрес) **Білім беру және тәрбиелеу объектілері, білім алушылар мен тәрбиеленушілер тұратын орындар**

4. Жобалар, материал әзірленді (дайындалды) (Проекты, материалы разработаны (подготовлены) қажет емес

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) өтініші, хаттамалар

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции) қажет емес

7. Басқа ұйымдардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организации (если имеются) қажет емес

Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)

8. Сараптама жүргізілетін объектінің толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции)

"Ақтөбе облысының білім басқармасы Ырғыз ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Айгөлек" бөбекжай-бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының, БСН: 080440003766, Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Аманкөл ауылдық округі, Қүтікөл ауылы, Әмірхан Барысбаев көшесі, 1 мекен-жайында орналасқан. Басшысы Тәмішева Людмила Нұраханқызы, электрондық поштасы aigolek.b.b@mail.ru, телефоны: 8(71343)72-0-17. Заңды тұлғаның құрылтайшысы: "Ақтөбе облысының



білім басқармасы Ұрғыз ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі. Бөбекжай-бақшасы ғимараты жеке салынған ғимараттан тұрады. Ғимараттың меншік несі: "Ақтөбе облысының білім басқармасы Ұрғыз ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы» МКҚК. Бөбекжай-бақшасының қызметтік саласы: Мектепке дейінгі тәрбие. Қуаты 75 балаға 3 топқа есептелген, нақты орындар саны 75. Бөбекжай-бақшасы бұрынғы 1975 жылы бейімделген мектеп ғимараты салынып 1976 жылғы мектепке берілген. Қазіргі таңда мектеп басқа ғимаратқа орналасуына байланысты, ғимаратқа күрделі жөндеу жүргізіліп 2024 жылы бөбекжай-бақшасына берілген. Бұрын санитариялық талаптарға сай келетіндігі жөнінде 26.09.2008 жылы №4 санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды алынған. Бөбекжай-бақшасы аумағының бұзылмаған қоршауы бар. Аумақта және үй-жайларда олармен функционалдық жағынан байланысы жоқ объектілер орналастырмаған. Бөбекжай-бақшасының учаскесіне кіру жолдарына, қоқыс жинағыштарға арналған алаңға өтетін жолдарына тазалауға қолжетімді қатты жабындар төселген. Тығыз жабылатын қақпақпен жабдықталған қоқыс жинағыш шаруашылық аймақтағы үш жағынан қоршалған, тазалауға және дезинфекциялауға жеңіл су өткізбейтін жабыны бар алаңға орнатылған. Қоқыстарды шығаруға "Үркер" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен №31 18.10.2024 жылғы келісім-шарты бар. Бөбекжай-бақшасы аумағында балалардың әрбір жас топтары үшін жеке ойын алаңдары көзделген. Әрбір топтық алаңда күн мен жауын-шашыннан қорғау үшін үш жағынан қоршалған кемінде 20 м2 болатын үш көлеңке қалқа көзделген. Көлеңке қалқалардың еденіне ағаштар төселген. Ойын алаңдарындағы жабдықтар балалардың бойы мен жасына сәйкес келеді, үшкір шығыңқы жерлері мен ақауы жоқ. Жабдықтың бетінің жабыны суға төзімді материалдан көзделген. Учаскеде негізгі тұрмыстық үй-жайлар, шаруашылық, ойын алаңдары көзделген. Аулада орнатылған санитариялық-ауалық қондырғының (бұдан әрі -САҚ) жер үсті үй-жайлары мен су өткізбейтін материалдан жасалған қазылған шұңқыры бар. САҚ-ты жинауды дезинфекциялық құралдарын қолдана отырып күн сайын жүргізеді. САҚ-тың қазылған шұңқыры уақтылы тазаланады. Бөбекжай-бақшасында балалардың жас ерекшелігіне байланысты 3 топтық үй-жайлар, ақт залы, медициналық кабинет, ас блогы, кір жуатын орын және персоналдарға арналған қызметтік-тұрмыстық үй-жайлар көзделген. Топтық үй-жайларының құрамына киім шешетін бөлме, ойын, жатын бөлмесі, буфет-тарату орны, дәретхана кіреді.

«Ай» тобы 25 орындық:

Бала қабылдау бөлмесі - 25,3 м2, ойын бөлмесімен тамақтану бөлмесі бірге орналасқан - 58,9 м2, жатын бөлмесі - 50,0 м2, ас-тарату орны - 3,5 м2, дәретхана екі бөлмеден тұрады, балалардың қол жуатын бөлмесі - 11,9 м2 және балалардың дәретхана бөлмесі - 5,7 м2

«Күншуақ» тобы 25 орындық:

Бала қабылдау бөлмесі - 18,5 м2, ойын бөлмесі, жатын бөлмесі және тамақтану бөлмесі бірге орналасқан - 106,4 м2, ас-тарату орны - 5,5 м2, дәретхана бір бөлмеден тұрады, балаларға арналған дәретханасы - 13,7 м2.

«Айгөлек» тобы 25 орындық:

Бала қабылдау бөлмесі - 16,0 м2, ойын бөлмесі, жатын бөлмесі және тамақтану бөлмесі бірге орналасқан - 99,8 м2, ас-тарату орны - 6,7 м2, дәретхана бір бөлмеден тұрады, балаларға арналған дәретханасы - 14,0 м2.

Ақт залы жалпы ауданы - 100,6 м2.

Дәретханаларда балаларға арналған унитаздар, жуынатын раковиналар, қол жууға арналған құралдар, жеке ұяшықтары бар балалардың орамалдарына арналған аспалы ілгіштер орнатылған. «Ай» тобының дәретханасында 4 унитаз, 4 раковина, «Күншуақ» тобының дәретханасында 4 унитаз 5 раковина, «Айгөлек» тобының дәретханасында 5 унитаз, 5 раковина орнатылған. Кіші топта таза түбектер дәретханада жеке таңбаланған ұяшықтарда сақталады. Түбектерді сулауға арналған сыйымдылықтар таңбаланған.

Балаларға медициналық қызмет көрсету қамтамасыз етілген. Ғимаратта медициналық үй-жайлар: медбике және қабылдау кабинеті - 12,9 м2, ас дәмінің қоретін бөлме-8,1 м2, балаларды қарау бөлмесі - 12,5 м2, дәрі дәрмек сақтайтын екі бөлме бар - 0,7 м2 және 3,6 м2, дәретханасы - 2,2 м2 , 2,1 м2 , көзделген. Қабылдау бөлмесі, дәрі дәрмек сақтайтын бөлмелері бөлек-бөлек арнайы бөлмелер қарастырылған. Медициналық кабинет медициналық жабдықтармен, құрал-саймандармен: жазу үстелі, орындықтар, жуатын раковина, педальды қақпағы бар шелек, медициналық таразы, бой өлшегіш, күшетка, кеңсе шкафтары, медициналық шкафтар, бактерицидті шам, керме, тоназдықшы, кеңсе құралдары, жинау мүкәммалдары және т.б. заттармен қамтамасыз етілген. Медициналық кабинетте жабдықтар мен мүкәммалдар өндірушінің нұсқаулығына сәйкес дезинфекциялау құралдарымен өңделеді. Медицина персоналмен емдеу-профилактикалық және сауықтыру іс-шаралары жүргізіледі, балалардың сырқаттанушылығын төмендетуге және денсаулықтарын нығайтуға бағытталған кешенді сауықтыру іс-шаралары құрылған. Балалар немесе персонал арасында инфекциялық аурулар тіркелген жағдайда санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізеді. Санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес медициналық құжаттамалар жүргізіледі. Бөбекжай-бақшасы ішкі сумен жабдықтау жүйелерінің құрылғысы бар орталықтандырылған ауыз сумен және су жылытқыш (аристон) арқылы ыстық сумен қамтамасыз етілген, жарамды жағдайда.



Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесі болмағандықтан 3 су жылытқыштар асханада, кір жуу бөлмесінде, үлкен топта орнатылған. Ыстық және суық су барлық ванналарға, тұратын орындарындағы, медициналық мақсаттағы үй-жайлардағы қолжұғыштарға, ас блогындағы араластырғыш қондырғысы бар қажетті технологиялық жабдықтарға тартылған.

Бөбекжай-бақшасында ауыз су режимі ұйымдастырылған. Ауыз су шәйнектерге құйылған, қайнатылған ауыз су үш сағаттан аспайтын уақытта пайдаланылады. Су ішу үшін таза ыдысты пайдаланады, таза және пайдаланылған ыдыс үшін таңбаланған жеке подиостар бөлінген.

Бөбекжай-бақшасында жергілікті кәріз құрылғысы көзделген. Сарқынды суды жинау уақтылы тазартылып отыратын жерасты су өткізбейтін жалпы сыйымдылықта жүзеге асырады. Жергілікті ағынды суларды тазарту үшін ЖК Қызбергенов Ерлан Қасымханұлымен № 11843096-ЗЦПІ 12.03.2024 жылғы келісім-шарты бар.

Жылумен жабдықтау жүйесі автономды, газ қазандығы орнатылған. Топтық үй-жайларда, медициналық кабинетте ауа температурасын бақылау үшін ішкі қабырғаға 0,8 - 1,2 м биіктікте бекітілген термометрлер орнатылған. Ауаның температурасы нормалау құжаттарының көрсеткіштеріне сәйкес келеді. Топтарда жылыту жүйесінің радиаторлары терезе астындағы қуыстарда орналастырылған және тормен жабылған. Терезелерде қоршау құрылғылары көзделген.

Бөбекжай-бақшасының аумағында сыртқы жасанды жарықтандыру орнатылған. Үй-жайларда табиғи және жасанды жарықтандыру көзделген. Бір үй-жайда бір типті шамдарды қолданады, жарықтандыру құралдарында қоршау құрылғылары бар. Істен шыққан шамдар уақтылы ауыстырылады. Істен шыққан құрамында сынап бар шамдарды сақтау және шығару объекті басшысының бұйрығымен жауапты адамға жүктелген. Топтық және оқу үй-жайларында терезе әйнектерін бояуға жол берілмеген.

Терезелердің конструкциясында балалардың болуына арналған үй-жайларды жылдың кез келген уақытында желдетуді ұйымдастыру мүмкіндігі көзделген. Терезелердің әйнектелуі бүтін шыны төсемнен тұрады. Терезелерде, желдету үшін ашылатын желкоздерде москит торлары орнатылған.

Бөбекжай-бақшасының жиһазы мен жабдығы балалардың бой-жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Ойын бөлмелері үстелдермен, арқалығы бар орындықтармен жабдықталған, жиһаздарға негізгі өлшемдеріне сәйкес белгі соғылған. Жиһаз, жұмсақ, қатты мүкәммал, жабдық жұмыс жағдайында. Топтардағы киім шешетін бөлмелер сыртқы киімге арналған шкафтармен және орындықтармен жабдықталған.

Балалардың киіміне арналған шкафтары жеке таңбаланған және бас киімге арналған сөрелермен, сыртқы киімге арналған ілмектермен жабдықталған. Топтың жатын бөлмелері жеке стационарлық кереуеттермен жабдықталған, ұзындығы 140 см, ені 60 см, биіктігі 30 см. Топтар асхана, шай, шыны ыдыспен және асхана аспаптарымен қамтамасыз етілген. Топтардың буфеттерінде ыдыстарды жуатын араластырғыштар арқылы суық және ыстық суға қосылған 3 ваннадан орнатылған, жуылған ыдыстар стеллаждарда сақталады. Ойыншықтарды жууға арналған сыйымдылықтар, шүберек пен жөкелер таңбаланған. Жұмсақ ойыншықтарды пайдаланғаннан кейін күннің соңында ойыншықтан кемінде 25 см қашықтықта 30 минут бойы бактерицидті сәулелегіштермен дезинфекцияланады, бактерицидтік шамдары бар.

Жинау жүргізу үшін жуу, дезинфекциялау құралдары пайдаланылады, жеткілікті молшерде алынып қойылған. Дезинфекциялау ерітінділері дайындау күнін көрсетіле отырып, таңбаланған сыйымдылықтарда дайындалған.

Төсек-орынды жуу объектінің кір жуатын орнында жүзеге асырылады. Кір жуу орны келесідей бөлмелерден тұрады: кір жуатын бөлме-5,1 м², кір үтіктейтін бөлме және төсек қоймасы бірге орналасқан жалпы ауданы - 20,4 м². Кір жуатын орнында таза және лас төсек-орынның қарама-қарсы ағынына жол берілмеген. Инфекциялық аурумен ауырған науқастардың төсек-орнын жуу алдында дезинфекциялануға арналған таңбаланған ванна орнатылған.

Қалыпты режимде жұмыс істейтін үй-жайларды қабырғалардың, жабдықтарының беті ылғалды тәсілмен жинауға жол беретіндей тегіс. Ылғалды режимде жұмыс істейтін үй-жайлардың (ас блогы, санитариялық тораптар, кір жуу бөлмесінің) қабырғалары жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды тәсілмен жинауға жол беретін басқа да материалдармен сырланған. Ылғалды режимде жұмыс істейтін үй-жайлардың еденіне кафель төселген. Қалған бөлмелердің едендерінің бетіне ылғалды тәсілмен өңдеуге және дезинфекциялауға жол беретін линолеум төселген. Барлық үй-жайлардағы еденнің беті тегіс, саңылаусыз, ақаусыз және механикалық зақымданбаған.

Бір жатын орынға үш төсек-орын жиынтығымен қамтамасыз етілген. Төсек-орынды, орамалдарды ауыстыру ластануына қарай, бірақ аптасына бір реттен сиретней жүргізіледі. Төсек-орын, киім мен аяқкиім, қатты мүкәммал қорын сақтау үшін қойма үй-жайлары көзделген. Төсек-орын жабдықтары, орамалдар, жеке гигиена заттары (тіс щеткасы, тарақ, жөкелер) әр балаға жеке бөлінген. Жеке тіс щеткалары, жөкелер ашық ұяшықтарда сақталады.

Ас блогының жалпы ауданы-42,0 м²: ас дайындайтын бөлмемен ыдыс жуатын бөлме бірге орналасқан - 31,9 м² ас тарату бөлмесі 10,1 м² тұрады. Азық-түлік қоймасының ауданы 8,3 м². Ас блогында жабдықты орналастыру және оның жұмысы технологиялық процестердің бірізділігі мен ағымдылығын, ішкі және пайдалануға дайын тамақ өнімдерінің жапасу мүмкіндігін болдырмай қызмет көрсетуге, жууға, дезинфекциялауға және жөндеуге арналған жабдыққа еркін қол жеткізу мүмкіндігін сақтай отырып



жүргізілген. Азық-түлік шикізаты және тұтынуға дайын тамақ өнімдері үшін бөлек технологиялық және тоңазытқыш жабдығы, өндірістік үстелдер, әріптік таңбалауды пайдалана отырып таңбаланған бөлшектеу мүкәммалы және ас үй ыдысы пайдаланылады. Асхана ыдыстары мен аспаптары жеткілікті, стеллаждарда сақталған. Асхана ыдыстарын жууға арналған 3 ванна ыдыс жуатын болмеде орнатылған және араластырғыштар арқылы суық және ыстық суға қосылған. Азық-түлік сақтайтын қойма стеллаждармен, тұғырықтармен жабдықталған. Тамақ өнімдерін сақтау стеллаждарда, тұғырықтарда, тауар қойғыштарда көзделген. Тез бұзылатын тамақ өнімдерін сақтауға қоймада 1 мұздатқыш және 1 тоңазытқыш, ас блогында 1 тоңазытқыш қойылған.

Бөбекжай-бақшасында тамақтандыру бекітілген мәзірге сәйкес жүзеге асырылады. Ас мәзірі бөбекжай-бақшасының басшысымен бекітілген. Мәзірде атауы бірдей тағамдарды, гарнирлерді немесе аспаздық өнімдерді бір күн ішінде және келесі күнтізбелік екі күнде қайталауға жол берілмеген. Тамақтанудың іс жүзіндегі рационы мен күнделікті ас мәзірін жасау бекітілген перспективалы ас мәзіріне сәйкес қамтамасыз етілген. Бөбекжай-бақшасында күн сайын тарату мәзірі жасалған, онда тамақтанатын балалардың санын, тағамның шығымын (салмағын) грамммен көрсете отырып, әрбір ісуге арналған тағамдардың тізбесі, сондай-ақ әрбір тағам бойынша тамақ өнімдерінің шығымы ("брутто" салмағында) көрсетілген. Тарату мәзірін жасау кезінде тамақтанудың заттай нормалары, тамақ өнімдерінің жиынтығы, тамақтану режимі, тағамдардың үлес салмағы (нетто) сақталған. Бөбекжай-бақшасында күн сайын тарату алдында журналға: тағамдар мен аспаздық, ұннан жасалған кондитерлік және нан-тоқаш өнімдерінің сыртқы түрі, консистенциясы, түсі, иісі және дәмі бойынша; жартылай фабрикаттардың сыртқы түрі, консистенциясы, түсі және иісі бойынша жазбалар енгізе отырып, тағамдар мен аспаздық өнімдердің сапасына органолептикалық бағалау жүргізіледі. Балалар үшін сатып алынған өнімдерге (ойыншықтар, ыдыс, жеке гигиена құралдары, мектеп және жазу құралдары, төсек-орын жабдықтары, жиһаз) олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттар бар.

9.Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің қайта жаңартылатын объектінің сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жерасты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау аумағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған орта мен халық денсаулығына тигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, вид грунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровье населения, ориентация по сторонам света;) қажет емес

10.Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар басжоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері (Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото) 09.11.2023 жылғы №126 орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сүмен асабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасы, 09.11.2023 жылғы №169 судың үлгісін микробиологиялық зерттеу хаттамасы, 03.11.2023 жылғы №81 асарықты өлшеу хаттамасы, 07.11.2023 жылғы №63 метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы, 07.11.2023 жылғы №25 электрамагниттік өрісті өлшеу хаттамасы негізінде алынған сынақтар мен өлшемдер санитариялық қағидалар талаптарына сәйкес келеді

11. ИСК-мен жұмыс істеуге рұқсат етіледі (разрешаются работы с ИИИ)

ИСК түрі және сипаттамасы (вид и характеристика ИИИ)	Жұмыстар түрі және сипаттамасы (Вид и характер работ)	Жұмыстар жүргізу орны (Место проведения работ)	Шектеу жағдайлары (Ограничительные условия)
1	2	3	4
I. Ашық ИСК-мен жұмыстар (работы с открытыми ИИИ)	қажет емес	қажет емес	қажет емес
II. Жабық ИСК-мен жұмыстар (Работы с закрытыми ИИИ)	қажет емес	қажет емес	қажет емес
III. Сәуле өндіретін құрылғылармен жұмыстар (Работы с устройствами,	қажет емес	қажет емес	қажет емес



IV. ИСК-МЕН БАСҚА жұмыстар (другие работы с ИИИ)	қажет емес	қажет емес	қажет емес
--	------------	------------	------------

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды Санитарно-эпидемиологическое заключение

"Айгөлек" бөбекжай-бақшасы КМКК

(2020 жылғы 07 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің толық атауы)
(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 07 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сабилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына, "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2023 жылғы 4 сәуірдегі № 58 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы № 26 бұйрығымен бекітілген "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № ҚР ДСМ-138 бұйрығымен бекітілген "Ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық суды пайдалану қауіпсіздігі көрсеткіштерінің гигиеналық нормативтері", Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығымен бекітілген "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және қолға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығымен бекітілген "Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтеріне" сәйкес келеді

Санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай (соответствует)
сай (соответствует)

Ұсыныстар (Предложения):

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығының 1 қосымшасына сәйкес, асхана қызметкерлерін медициналық тексеруден уақтылы өтуін қамтамасыз ету, 2. ҚР ДСМ 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 62 бұйрығымен бекітілген "Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидасына сәйкес Өндірістік бақылау ұйымдастыру, жүргізілген өндірістік бақылау нәтижелері туралы ақпаратты жартыжылдықта 1 рет келесі айдың 5-күніне, 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Ырғыз аудандық СЭББ ұсыну.

2020 жылғы 07 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстың негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының міндетті күші бар.
На основании Кодекса Республики Казахстан от 07 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения» настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Ақтобе облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Ырғыз аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі
ЫРҒЫЗ АУДАНЫ, көшесі Темірбек Жүргенов, № 58 үй
(Мемлекеттік санитариялық бас дәрігер, қолы (орынбасар)
Республиканское государственное учреждение "Иргизское районное Управление санитарно-



эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Актыбинской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"

ИРГИЗСКИЙ РАЙОН, улица Темирбека Жургенова, дом № 58

(Главный государственный санитарный врач (заместитель))

Ыбыраев Айбол Абатұлы

тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)

